



## NUFYR БАҒДАРЛАМАСЫНА АҚЫЛЫ БӨЛІМГЕ ҚАЛАЙ ТҮСУГЕ БОЛАДЫ?

NUFYR бағдарламасына ақылы бөлімге түсудің екі жолы бар:

- Талапкер “Назарбаев Университеті” білім алу гранты шеңберінде қабылданған талапкерлер тізіміне ілікпесе, алайда барлық түсу емтихандарынан (APTIS, NUFYRET, IELTS) ең төмен талаптарына сай келсе, Қабылдау Комиссиясы оны конкурстық бәсекеде ақылы бөлімге қабылдауға қарастырады.
- Талапкер өз бетімен IELTS немесе TOEFL (iBT), SAT Subject Test және SAT Reasoning Test/ACT (эссе бөлімімен қоса) емтихандарын тапсырып, төменде көрсетілген талаптарға сай келсе, Қабылдау Комиссиясы оны конкурстық бәсекеде ақылы бөлімге қабылдауға қарастырады.

	1	2	3
Инженерия мектебі	<b>SAT Reasoning Test</b> – 1100 Эссе міндетті болып табылады, – ең төменгі бал белгіленбейді. немесе <b>ACT</b> with writing part – жалпы балл (composite score) 22-ден кем емес. Бұл ретте, жазбаша бөлімге ең төменгі балл белгіленбейді	<b>SAT Subject Test</b> – математика және физика, 550 әр пән бойынша	<b>IELTS</b> – 6.0 (секциялардың әрқайсысы бойынша кемінде 5.0) немесе <b>TOEFL iBT</b> – 60-78
Тау-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебі		<b>SAT Subject Test</b> – математика және физика немесе химия және биология, 550 әр пән бойынша	<b>IELTS</b> – 6.0 (секциялардың әрқайсысы бойынша кемінде 6.0) немесе <b>TOEFL iBT</b> – 60-78
Ғылым және технологиялар мектебі		–	<b>IELTS</b> – 6.0 (секциялардың әрқайсысы бойынша кемінде 6.0) немесе <b>TOEFL iBT</b> – 60-78
Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі			



## ҚАБЫЛДАУ ДЕПАРТАМЕНТІ

010000 Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 53

Тел.: 8 (7172) 706 555

«Назарбаев Университеті» аялдамасы

Аялдаманы AstraBus немесе 2GIS мобильді қосымшасы арқылы таба аласыз

## АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ӨКІЛДІК

050012, Алматы қ., Қабанбай батыр к-сі, 140а, (Амангелді көш. бұр.), 2-қабат

Тел.: 8 (727) 2725558, 2725591, 2725611, 2725607

«Қабанбай батыр» аялдамасы

Автобустар №30, 34, 123; троллейбус №7

E-mail: [admissions@nu.edu.kz](mailto:admissions@nu.edu.kz)

Website: [www.admissions.nu.edu.kz](http://www.admissions.nu.edu.kz)

Skype address: [admissions\\_department](https://www.skype.com/join/admissions_department)



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

## НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ УНИВЕРСИТЕТ АЛДЫНДАҒЫ ДАЙЫНДЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ



2019-2020  
АКАДЕМИЯЛЫҚ ОҚУ  
ЖЫЛЫНА ОҚУҒА ТҮСУ

## NUFYP ДЕГЕН НЕ?

NUFYP (Nazarbayev University Foundation Year Program) – Назарбаев Университеті Дайындық мектебінің интенсивті 1 жылдық бағдарламасы. Бұл курс шеңберінде тыңдаушылар бакалавриат бағдарламасына академиялық ғылыми және тілдік дайындықтан өткізіледі. Оқыту Назарбаев Университетінің Дайындық мектебінде өткізіледі.

## ОҚУ ГРАНТЫНА ЖӘНЕ АҚЫЛЫ ОҚУҒА ТҮСУ

Талапкерлер NUFYP бағдарламасына мемлекеттік қаражат есебінен іске асыралатын “Назарбаев Университеті” білім алу гранты шеңберінде және ақылы бөлімге түсуі мүмкін. Бағдарламаға ақылы түсу бағасы жылына 6 063 750 теңгені (18 375 АҚШ доллары) құрайды. Талапкерлердің кейбір категорияларына жеңілдіктер көзделген.

## “НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ” БІЛІМ АЛУ ГРАНТЫНА ҚАЛАЙ ТҮСУГЕ БОЛАДЫ?

“Назарбаев Университеті” білім алу гранты шеңберінде оқуға түсу кезеңдері.

- Онлай тіркеу
- Назарбаев Университеті өткізетін оқуға түсу емтихандарын тапсыру
- Назарбаев Университеті Қабылдау бөліміне құжаттардың толық жиынтығын тапсыру

## 1-КЕЗЕҢ (ҚАЗАН 2018 - ҚАҢТАР 2019)

### ОНЛАЙН ТІРКЕУ

Онлайн тіркеу – талапкерлердің admissions.nu.edu.kz порталында жеке аккаунттарын құрып, сауалнама сұрақтарына жауап енгізіп, қажетті құжаттарды жүктеу процесі болып табылады. Барлық тіркелген талапкерлерге электрондық поштаға түсу емтихандарының өтетін күндері, емтихан талаптары мен нұсқаулар жіберіледі. Талапкерлер 3 емтихан түрін тапсырулары тиіс.

## 2-КЕЗЕҢ (ҚАҢТАР 2019 - СӘУІР 2019)

### ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНДАРЫ

**APTIS** – ағылшын тілін меңгерудің жалпы деңгейін анықтайтын тест. Ең төменгі өту деңгейі – 75 сұрақтың кем дегенде 50%-на дұрыс жауап беру\*.

**NUFYP Entrance Test** – орта білім шеңберінде меңгерген білімі мен дағдыларын бағалайтын тест. Әрбір пән бөлімі 30 тест тапсырмасынан тұрады. Ең төменгі өту деңгейі 2 (екі) пән бөлімі бойынша жиынтығында кемінде 120 балды құрайды, бұл ретте пән бөлімдерінің әрқайсысы бойынша өту балы кем дегенде 50 балл болуы тиіс\*.

МЕКТЕП	МАМАНДЫҚТАР	NUFYP ЕМТИХАНЫНЫҢ ПӘН ЖИЫНТЫҒЫ
<b>Инженерия Мектебі</b>	Механикалық және аэроғарыштық инженерия Химиялық инженерия және материалдар технологиясы саласындағы инженерия Құрылыс және қоршаған экологиялық инженерия Электротехника және компьютерлік инженерия	Математика және Физика
<b>Тау-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебі</b>	Мұнай-газ ісі Тау-кен ісі Геологиялық инженерия	Математика және Физика
<b>Ғылым және технологиялар мектебі</b>	Биология Химия Компьютерлік ғылымдар Математика Физика Робототехника және мехатроника	Математика және Физика немесе Математика және Биология/Химия

МЕКТЕП	МАМАНДЫҚТАР	NUFYP ЕМТИХАНЫНЫҢ ПӘН ЖИЫНТЫҒЫ
<b>Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі</b>	Антропология Экономика Тарих Саясаттану және халықаралық қатынастар Әлеуметтану Әлемдік тілдер, әдебиет және мәдениет	Математика және Ойлау дағдылары

**IELTS** – академиялық ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтауға арналған емтихан. Нәтижелері көрсетілген өту балдарына сәйкес келетін IELTS немесе TOEFL (IBT) ресми және мерзімі бойынша жарамды сертификаттарын тапсырған талапкерлер APTIS және IELTS емтихандарын тапсырудан босатылады.

## IELTS ЖӘНЕ TOEFL БОЙЫНША ЕҢ ТӨМЕНГІ ӨТУ БАЛДАРЫ\*

ЕМТИХАН	IELTS	TOEFL (IBT)
<b>ИНЖЕНЕРИЯ МЕКТЕБІ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕКТЕБІ, ТАУ-КЕН ІСІ ЖӘНЕ ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР МЕКТЕБІ</b>		
Жалпы балл	6	60-78
Жазу	5	14-17
Оқу	5	4-7
Тыңдау	5	4-6
Сөйлеу	5	14-15
<b>ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР МЕКТЕБІ</b>		
Жалпы балл	6	60-78
Жазу	6	21-23
Оқу	6	13-18
Тыңдау	6	12-19
Сөйлеу	6	18-19

\*Ең төменгі өту балдары Қабылдау комиссиясының шешімімен өзгертілуі мүмкін.

## 3-КЕЗЕҢ (МАМЫР 2019 - ШІЛДЕ 2019)

### КОНКУРС ЖӘНЕ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ

Барлық түсу емтихандарынан ең төменгі талаптарға сай нәтиже көрсеткен талапкерлер Қабылдау Комиссиясымен қарастырылады. Соңғы нәтижелер 2019 жылдың маусым-шілде айларында шығады.